

Диссертациялық кеңестің 2025 жылғы жұмысы туралы

ЕСЕП

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(ұйымның атауы)

жанындағы диссертациялық кеңес

8D015 – Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/ 8D01513 – Биология) және 8D051 – Биология және сабақтас ғылымдар (6D060700 / 8D05101 – Биология) білім беру бағдарламалары (мамандығы) бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін Диссертациялық кеңес

Диссертациялық кеңестің төрағасы - педагогика ғылымдарының докторы, профессор Чилдибаев Жумадил Байдилдаевич Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма төрағасы- ректордың 2024 жылғы «10» қазан № 05-04/671 бұйрығымен бекітілген.

Диссертациялық кеңеске

8D015 - Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/ 8D01513 - Биология) және 8D051 - Биология және сабақтас ғылымдар (6D060700 / 8D05101 - Биология) білім беру бағдарламалары (мамандығы) бойынша диссертация қорғауды қабылдауға рұқсат берілген.

Есепте мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1. Өткізілген отырыстың саны туралы деректер.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы 8D015 - Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/ 8D01513 - Биология) және 8D051 - Биология және сабақтас ғылымдар (6D060700 / 8D05101 - Биология) білім беру бағдарламалары (мамандығы) бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін Диссертациялық кеңесте 2025 жылы жирма төрт кеңес мәжілісі өтті.

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатыспаған кеңес мүшелерінің тегі (фамилиясы).

Диссертациялық кеңеске қатыспаған кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

1. Талдыбай Ақнұр Алтыбайқызы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
2. Жайлыбаева Таке Муратовна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
3. Махамбетов Ерик Оралбекович, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті;
4. Умирзакова Нагима Танирбергеновна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

5. Нөгербек Әсем Джексенбайқызы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
6. Гайсина Карлыгаш Маратовна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
7. Сексенова Дана Узаковна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
8. Джунусова Раушан Жексенбаевна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
9. Серібекқызы Гүлзинат, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
10. Орынбаева Жадыра Ауесовна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
11. Сапанова Нұрбану Досымжанқызы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
12. Жарменова Ботагоз Куанышевна, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті;
13. Байхожаева Гулжаухар Мажитовна, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті.

4. Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1. Талдыбай Ақнұр Алтыбайқызы

Диссертация тақырыбы: Жетісу Алатауының пайдалы өсімдіктерінің қазіргі жағдайы және оларды тиімді пайдалану жолдары.

Мамандығы: 6D060700 – Биология

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 30 қаңтар 2025 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Айдарбаева Докторхан Кайсарбековна - биология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Ахмет Аксой - философия докторы (PhD), профессор, Акдениз университеті (Анталия қ., Түркия).

Қазақстан тауларының өсімдік жамылғысында шикізаттың бірегей қорлары мен ең бай өсімдік генофоны шоғырланған, сондықтан таулы орман экожүйелерінің биологиялық алуантүрлілігін сақтау және ұтымды пайдалану экологиялық, экономикалық және әлеуметтік маңызды болып табылады. Қазіргі таңда өсімдіктердің 387 түрі Қазақстанның Қызыл кітап тізіміне енгізілген (Қазақстанның Қызыл кітабы, 2014), еліміздің 29 флористік өңірінде (Қазақстан флорасы, 1-том, 1956) таралған. Қазіргі таңда еліміз «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI кодексі және

«Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 2 қаңтардағы № 183-VII заңын қабылдады. Сондықтан, зерттеу аймақтарындағы антропогендік факторлардың әсерінен өсімдіктердің алуантүрлілігі мен қорлары азаюда, оларды сақтауда өсімдіктердің қазіргі жағдайын зерттеу қажет және бұл мәселе кезек күттірмейтін халықаралық аса маңызды мәселе. Жаһандық қауіп-қатердің алдын алу мақсатында, табиғи ежелден сақталған пайдалы өсімдіктер түрлерін сақтау, қорғау шараларын жүргізу өзекті мәселелердің бірі екенін көрсетеді.

Осыған байланысты, Жетісу Алатауының аумағындағы пайдалы өсімдіктердің (*Inula helenium* L., *Origanum vulgare* L., *Achillea millefolium* L., *Hypericum perforatum* L., *Ajania fastigiata* Poljakov., *Artemisia frigida* Willd., *Saussurea elegans* Ledeb.) қорын анықтау қазіргі жағдайын бағалау, сонымен қатар перспективті түрлерге жататын әлі толық зерттелмеген түрлердің (*Saussurea elegans* Ledeb., *Ajania fastigiata* Poljakov., *Artemisia frigida* Willd.) анатомиялық құрылымындағы және фитохимиялық құрамындағы биологиялық белсенді заттардың жинақталуын анықтау зерттеудің өзектілігі болып табылады, бұл өз кезегінде, еліміздің пайдалы өсімдіктерін сақтауға, қорғауға және толық зерттелмеген өсімдіктердің пайдалы қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Жетісу Алатауы өңірінде туризмнің қарқынды дамуынан, климаттық жағдайлардың өзгеруінен және су қоймаларының гидрологиялық режимінің бұзылуына байланысты деградацияға ұшырау қаупі бірнеше есеге артуда. Сондықтан, ең алдымен, антропогендік және табиғи апаттар салдарынан өсімдіктер жабынының өзгеріске ұшырауының ең осал тұстарын айқындауда, биоалуантүрлілікті сақтау мақсатында, жабайы өсетін пайдалы өсімдіктердің қазіргі жай-күйіне баға беру аса өзекті мәселе. Сондықтан ізденушінің бұл бағытта жүргізілген зерттеу жұмысы өзекті болып табылады.

Диссертант зерттеу барысында алдына қойған мақсат пен міндеттерді іске асыруда ғылыми жетістіктер болып танылатын маңызды теориялық және практикалық нәтижелерді алуға қол жеткізгенін атап өтуге болады:

Жетісу Алатауының солтүстік-батыс бөлігіндегі 7 пайдалы өсімдіктермен (*Inula helenium*, *Origanum vulgare*, *Achillea millefolium*, *Hypericum perforatum*, *Ajania fastigiata*, *Artemisia frigida*, *Saussurea elegans*) бірлесіп өсетін пайдалы өсімдік түрлерінің флористикалық құрамы мен алуан түрлілігі анықталған, олар 37 тұқымдасқа, 125 туысқа жататын, 201 түр;

Екінші нәтиже: Пайдалы 7 өсімдіктердің табиғи шикізат өндірістік қорлары (*Inula helenium*, *Origanum vulgare*, *Achillea millefolium*, *Hypericum perforatum*, *Ajania fastigiata*, *Artemisia frigida*, *Saussurea elegans*) және шикізаттың жыл сайынғы жинауға мүмкін болатын көлемі анықталды, перспективті түрлер (*Ajania fastigiata*, *Artemisia frigida*, *Saussurea elegans*) іріктеліп алынды, оларды тиімді пайдалану бойынша ұсыныстар берілген;

Үшінші нәтиже: Пайдалы өсімдіктердің перспективті түрлерінің (*Saussurea elegans*, *Ajania fastigiata*, *Artemisia frigida*) вегетативтік мүшелерінің анатомиялық құрылысының ерекшеліктері айқындалған,

биологиялық белсенді заттар жинақталатын идиобласт жасушасы анықталған, ол осы зерттеу нысандарының дәрілік қасиеттерін нақтылайтын құрылымдық диагностикалық белгісі;

Төртінші нәтиже: *Saussurea elegans*, *Ajania fastigiata*, *Artemisia frigida* фитохимиялық зерттеуде жерүсті бөлігінің құрамындағы - флавоноидтар, органикалық қышқылдар, алкалоидтар, В2 дәрумені, С дәрумені, сапониндер, кумариндер, макро-микроэлементтер, аминқышқылдар және полисахаридтер анықталған. *Ajania fastigiata* қант диабетіне қарсы жоғары антиоксиданттық белсенділікті көрсеткен және диабетке қарсы белсенділігінің пайдалы моделіне №9757 патент алынған. Бұл деректер жаңа фармацевтикалық препараттар үшін негіз бола алады.

Алынған нәтижелер мен жасалған қорытындылар болашақта осы бағыт бойынша жүргізілетін ғылыми ізденістерге негіз бола алады. Теориялық және практикалық зерттеу барысында алынған нәтижелер бір-біріне қайшы келмейді, өзара байланысты және зерттеудің жетекші идеясының мәнін толық ашады. Ал олардың сенімділігі зерттелініп отырған мәселені шешу барысындағы ғылыми негізделген тұғырлармен қамтамасыз етілген.

2. Жайлыбаева Таке Муратовна

Диссертация тақырыбы: Қырғыз Алатауының батыс бөлігінің флорасына талдау.

Мамандығы: 6D060700 – Биология

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 20 ақпан 2025 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Шалабаев Каратай Искакович - биология ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Минич Ирина Борисовна - биология ғылымдарының кандидаты, доцент, Томск мемлекеттік педагогикалық университеті (Томск қ., Ресей).

Қазақстан Республикасының биологиялық алуантүрлілік туралы Конвенцияны мақұлдауы және онда көзделген міндеттемелерді орындауды ұйымдастыру жөніндегі Қазақстан Республикасының Министрлер кабинетінің қаулысы 19 тамыз 1994 ж. жүзеге асырылды. Бұл сондай-ақ қоршаған ортаның жай-күйін және антропогендік факторлардың әсерінен оның өзгерістерін бағалауға мүмкіндік береді.

Осылайша, өңірлік флораны зерттеу ғылыми зерттеулерде ғана емес, табиғи ресурстарды іс жүзінде пайдалануда, қоршаған ортаны қорғауда және экологиялық теңгерімді ұстауда да маңызды рөл атқарады. Қазіргі уақытта биологиялық әртүрлілікті зерттеу және сақтау мәселесі теориялық та, практикалық та тұрғыдан өзекті проблемалардың бірі болып табылады, әсіресе шөлді аймақтың аудандарында орналасқан жекелеген, аз зерттелген өңірлердің флорасын жан-жақты зерттеу қызығушылық тудырады.

Қырғыз Алатауының батыс бөлігінің флорасы ботаниктердің оқта-текте барғанына қарамастан, әлі күнге дейін толық зерттелмеген. Түр құрамы, экологиясы және жекелеген түрлердің өңір шегінде таралуы толық анықталмаған. Зерттелген флора құрамында көптеген теориялық қызығушылық тудыратын эндемикті, субэндемикті және сирек кездесетін өсімдіктер кіреді. Сонымен қатар, бүгінде олардың көпшілігіне жойылып кету қаупі төніп тұр. Сондықтан Қырғыз Алатауы жотасының флорасы үшін мұндай түрлерді талдау мен анықтау, олардың таралуы мен қазіргі жай-күйін зерттеу үлкен мәнге ие және тақырыптың өзектілігін сипаттайды.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже: Алғаш рет Қырғыз Алатауының батыс бөлігінің түр құрамына кешенді талдау жасалды. Зерттеу нәтижесінде 94 тұқымдас, 504 туыс, 1473 түрден тұратын жоғары споралылар, ашықтұқымдылар және жабықтұқымдылар немесе гүлді өсімдіктер анықталды. Қырғыз Алатауының батыс бөлігі флорасына биоморфологиялық талдау нәтижесінде Раункиердің тіршілік формаларының таралуы олардың басым көпшілігі (828 түрі немесе 56,2%) көпжылдық шөптесін өсімдіктерге немесе гемикриптофиттерге жататынын көрсетті. И.Г. Серебряковтың пікірі бойынша тіршілік формаларын талдау Қырғыз Алатауы батыс бөлігінің флорасының негізін шөптесін поликарпиялық өсімдіктер (877 түр немесе 59,5%) құрайтынын көрсетті, олардың ішінде 356 түр немесе 24,4% шөптесін монокарпиялықтар, біржылдық өсімдіктер 307 түр немесе 20,9 %, ал екіжылдық өсімдіктер 49 түр немесе 3,3 % құрады. Өсімдіктердің топырақ ылғалдылығына байланысты экологиялық талдау нәтижесінде 6 тобын анықтадық. Мезоксерофиттер – 40,5%, ксеромезофиттер – 21,7%, мезофиттер – 17,5% және ксерофиттер – 15,3% басым. Қалған түрлер жалпы флораның 10%-дан азын құрайды. Сонымен, гигрофиттер – 3,7%, гидрофиттер – 1,2% құрайды.

Екінші нәтиже: Қырғыз Алатауының батыс бөлігінің флора түрлерінің таралуы бойынша 53 ареалдар типтері болатындығын анықталды. Бірінші орында – Палеарктикалық - 216 түрі (14,7%), Таулы Орта Азия -137 түрі (9,33%), Таулы Орта Азия-Иран – 117 түрі (7,97%), Голарктикалық -103 түр (7,0 %);

Үшінші нәтиже: Қырғыз Алатауының аумағы үшін 11 эндемикалық (*Sclerotiaria pentaceros*, *Aulacospermum tianschanicum*, *Cousinia norman*, *Cousinia rigida*) және 33 субэндемикалық (*Pseudoeremostachys sewerzowii*, *Thymus proximus*, *Scutellaria subcaespitosa*, *Pedicularis jugentassi*) және қорғауды қажет ететін 45 түрі (*Picea schrenkiana*, *Juniperus seravschanica*, *Betula tianschanica*, *Celtis caucassica*, *Iberidella trinervia*, *Pyrus regelii*) анықталды;

Төртінші нәтиже: Қырғыз Алатауының батыс бөлігінің флорасында бірқатар пайдалы өсімдіктер бар. Оның ішінде көш бастап тұрған малазықтық – 204 (13,8%), дәрілік – 148 (10,04 %), техникалық -82 (5,5 %), сәндік -78 (5,2 %) өсімдіктер.

«6В05101 – Биология» мамандығының студенттері үшін «Қырғыз Алатауының батыс бөлігінің флорасына талдау» тақырыбындағы ғылыми-

зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу үрдісіне «Ботаника» пәні бойынша зертханалық сабаққа және дәріс курсына енгізілген.

«Өсімдіктердің тұқымдастарын анықтайтын кесте (кілт)» №52654 13.12.2024 жылы авторлық куәлік алынған. Бұл деректер студенттердің оқу-дала практикасында көмекші құрал бола алады.

3. Махамбетов Ерик Оралбекович

Диссертация тақырыбы: Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің анатомиялық білімдерін кәсіби қызметінде қолдану дағдысын қалыптастыру.

Мамандығы: 6D011300 – Биология

Диссертация Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 12 наурыз 2025 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Байкенжеева Айнур Тұрдыбаевна - биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда қ., Қазақстан);

Аманбаева Махаббат Батырғалиқызы - философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Вишняков Александр Иванович - биология ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор мемлекеттік университеті (Орынбор қ., Ресей).

Қазақстандықтардың өмір салтының әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, демографиялық және психологиялық жағдайларының динамикалық өзгерістері жеке тұлғаны қалыптастыру, оларға қарым-қатынысты түпкілікті жаңашалау керектігін ұғындырады. Зерттеулер нәтижесінде анықталғаны салауатты өмір салтын қалыптастыру - адам өмірінің ерте кезеңінен бастау алуы керек.

Осыған сәйкес, 2 қыркүйектің 2024 жылы жарияланған Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық» - деп болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісіне жаңашыл көзқараспен қарау бағыттарына назар аудару қажеттігі көрсетілген. Аталған жолдауға сәйкес зерттеу бағыты бойынша болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби қызметін арттыру мәселесіне арналған. Білім алушыларға дене тәрбиесін беру дене шынықтыру сабақтарында, сонымен қатар әртүрлі секцияларда жүзеге асырылады. Әдетте дене шынықтыру және адам анатомиясы курстары арасында ортақ мақсаттың болуына қарамастан, дене шынықтыру және адам анатомиясы курстарынан дәріс беруші оқытушылар бірлесіп жұмыс жасамайды. Дене шынықтыру мамандарының адам анатомиясы және физиологиясы бойынша базалық білімі болуы керек. Себебі, білім алушылар дене жаттығулары кезінде тыныс

алу мүшелерінің жұмысы, қан айналымы жүйесі қалай өзгертетінін, ағзадағы мүшелерге қалай жүктеме түсірмеуге болатынын, ал ағзадағы мүшелерге шамадан тыс жүктеме түскен жағдайда неге алып келуі мүмкіндігін және тағы басқаларды түсінуге мүмкіндік алады. Осылайша, бұл диссертация болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін дамытуға, білім беру сапасын жақсартуға және олардың теориялық білімін практикада тиімді қолдану жолдарын қарастыруға бағытталғандықтан, өзекті болып табылады.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже: Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің анатомиялық білімдерін кәсіби қызметінде қолдану дағдысын қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалған. Отандық және шетелді ғалымдардың тәжірибелеріне сүйене отырып, дағдыны қалыптастырудың қадамдары анықталған. Олар: 1. Теориялық материалдар қоры; 2. Глоссарий немесе сөздік; 3. Бейнелеу материалдары (сурет, видео, фото); 4. Технологиялар; 5. Іс-тәжірибе; 6. Зерттеу; 7. Өзін-өзі бағалау. Әрбір қадам бойынша теориялық және оқу-әдістемелік материалдар кешені дайындалып және оқу үдерісіне енгізілген.

Екінші нәтиже: Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің анатомиялық білімдерін кәсіби қызметінде қолдану дағдысын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған.

Модель бірнеше блоктан тұрады: мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік, нәтижелік блоктар: 1. Мақсаттық блок: «Дене шынықтыру және спорт» БББ бойынша оқитын білім алушыларға «Анатомия, спорттық морфология негіздері» пәнін болашақ кәсіби қызметінде қолдану дағдысын қалыптастыру болып табылады. 2. Мазмұндық блок: «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға «Анатомия, спорттық морфология негіздері» пәні бойынша қалыптастырылатын дағдылардың түрлерін, кезеңдерін, қолданылатын тәсілдері мен әдістерін жүйелі көрсете білген. 3. Іс-әрекеттік блок бірнеше компоненттерден тұрады: мотивациялық компонент, іс-әрекеттік компонент, рефлексивті блок. 4. Нәтижелі блок-аталған блокта білімді бағалаудың критерийлері көрсетілген.

Үшінші нәтиже: Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің анатомиялық білімдерін кәсіби қызметінде қолдану дағдысын қалыптастыру мазмұны анықталып, әдістемесі жасалған. Жоғарыда көрсетілген дағдыны қалыптастыру қадамдарын негізге ала отырып, әрбір қадамның әдістемелік нұсқаулығы жасалған. Термин сөздермен жұмыс, фото-сурет, видео материалдарды тиімді қолдану, білім алушылармен зерттеу жұмыстарын жүргізу, сабақ уақында және сабақтан тыс уақыттарда теориялық білімді қолдануға икемді жұмыстар жүргізілген.

Төртінші нәтиже: Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің анатомиялық білімдерін кәсіби қызметінде қолдану дағдысын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі эксперимент жүзінде тексеріліп, оқу үдерісіне енгізілген. Зерттеу барысында жүргізген, нәтижесі ғылыми мақалаларда жарияланған.

Алынған нәтижелер мен жасалған қорытындылар болашақта осы бағыт бойынша жүргізілетін ғылыми ізденістерге негіз бола алады. Эксперименттің нәтижесі мотивациялық-құндылық, іс-әрекеттілік, рефлексивті-бағалау критерийлері бойынша өлшенген.

4. Умирзакова Нагима Танирбергеновна

Диссертация тақырыбы: Болашақ биолог мұғалімдерді экологиялық-өлкетану әрекетіне даярлау әдістемесі.

Мамандығы: 6D011300 – Биология

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 27 наурыз 2025 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Чилдибаев Жұмаділ Байділдәулы - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Малиновская Наталья Владимировна - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, А.И. Герцен атындағы Ресей мемлекеттік педагогикалық университеті (Санкт-Петербург қ., Ресей).

2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасында қоршаған ортаны ластауға, экологиялық қалыпты жағдайды бүлдіруге жол бермеуге зор көңіл бөлінгендіктен, оқушыларға экологиялық білім беріп, табиғатты қорғауға тәрбиелеу бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Өркениет кезеңдерінің өзгеруі білім беру парадигмасын өзгерту қажеттілігін талап етеді: инновациялық білім қолдау көрсететін біліммен алмастырылады. Биологиялық білімнің мазмұнына қатысты бұл экологияның, биологияның, география мен өлкетанудың іргелі және қолданбалы мәселелерін олардың өзара байланысында терең зерттеуді қажет етеді. Экологиялық білімнің ерекшеліктері олардың конструктивтілігі мен жүйелік сипаты болып табылады. Экологиялық білім мен әрекеттерді игеруде өлкетану ұстанымын қолдана отырып, болашақ мұғалімді қоршаған әлемді жан-жақты талдауға, оны сақтау мен жетілдірудің белсенді қызметіне дайындау мәселесі тиімді шешілуде. Жергілікті мысалдарда өлкетану байқаулары мен зерттеулері кезінде ғылыми заңдылықтар айқынырақ ашылады, материалистік көзқарастар дамиды, туған өлкенің табиғатына деген түрлі қатынас тәрбиеленеді.

Сондықтан да, бүгінгі күні оқыту үдерісінде мобильді технологияларды қолдану әдістемесін жетілдіру мәселесі өзекті болып табылатындығы анық. Ақпараттандырудың негізгі құрамдас бөлігіне айналған мобильді технологиялар ұлттық білім беру жүйесін әлемдік білім беру ортасына біріктіруге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде оның ұтқырлығы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Ғылыми ақпараттың қуатты ағыны жоғары оқу орындарының тәжірибесінде мобильді технологияларды кеңінен

колданудың басты себебі болып табылады. Сондықтан мобильді технологияларды биолог мұғалімдерді дайындау жүйесіне енгізу мәселесі бүгінгі таңда өзекті болып отыр.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже: зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, педагогикалық, психологиялық ғылыми еңбектерге, диссертациялық жұмыстарға және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен нормативтік құжаттарға талдау жасалып, диссертациялық жұмыста болашақ биолог мұғалімдерді экологиялық - өлкетану әрекетіне даярлау ұғымына түсініктеме берілген. Алынған нәтижелердің маңыздылығы болашақ биолог мұғалім тұлғасын қалыптастыруда теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, қазіргі білім беру үдерісіне интеграциялау мүмкіндіктері талданған.

Екінші нәтиже: экологиялық-өлкетану әрекеттердің мотивациялық, мазмұндық, ісәрекеттік компоненттері, деңгейлері және олардың қалыптасу өлшемдері анықталған.

Үшінші нәтиже: болашақ биолог мұғалімдерді экологиялық-өлкетану әрекетіне даярлаудың құрылымдық-мазмұндық дайындалған, әдістемелік орындау моделі әзірленген.

Төртінші нәтиже: болашақ биолог мұғалімдерді экологиялық-өлкетану әрекетіне даярлаудың әдістемесі жасалып, оның тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тиімділігі тексерілген. Болашақ биолог мұғалімдерді экологиялық-өлкетану әрекетіне даярлаудың әдістемесінің нәтижесінде «Биологиядан экологиялық-өлкетану әрекеттеріне даярлау» атты авторлық бағдарламасы даярланып, мектепке элективті курс ретінде оқу үдерісіне ендірілген, ендіру актысы бар.

Студенттерді экологиялық - өлкетану әрекетке даярлауда педагогикалық ықпал етудің ұсынылған құралдары, формалары мен әдістері үздіксіз экологиялық және өлкетану білім беру жүйесінің маңызды бөлігі бола алады. Теориялық ережелер мен зерттеу нәтижелері эколог - студенттер, педагогикалық жоғары оқу орындарының биологтары үшін арнайы курстарды әзірлеу кезінде негізге алынуы мүмкін.

5. Нөгербек Әсем Джексенбайқызы

Диссертация тақырыбы: Болашақ биолог мұғалімдердің креативтік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі.

Мамандығы: 8D01513 – Биология

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 9 сәуір 2025 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Чилдибаев Жұмаділ Байділдәұлы - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Суматохин Сергей Витальевич - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Мәскеу қалалық педагогикалық университеті (Мәскеу қ., Ресей).

2024 жылдың 2 қыркүйегінде жарияланған Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық» – деп болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісіне жаңашыл көзқараспен қарау бағыттарына назар аудару қажеттігі көрсетілген. Аталған жолдауға сәйкес зерттеу бағыты бойынша болашақ биолог мұғалімдердің креативтік құзырттілігін қалыптастыру әдістемесіне арналған. Білім алушыларға биология сабақтарында проблемалық, жобалау, кейс, модельдеу, жасанды интеллект әдістері арқылы сабақ құрылымын жасау тиімдірек, заманауи жабдықталуымен жүзеге асырылған. Ұсынып отырған әдістеме білім алушылардың шығармашылық ойлауын, ізденісін, жаңаша әрекет ету қабілеттерін дамытуды көздейді. Мұндай сабақ дәстүрлі білім беруден өзгеше, оқушының белсенділігін арттыруға, биологиялық білімді өмірмен байланыстыра қолдануға бағытталған. Сабақтың нәтижесінде, биологиялық процесті терең түсінеді; шығармашылық ойлау қабілеті дамиды; оқушылардың танымдық қызығушылығы артады; креативтік құзыреттілік (идея генерациясы, визуализация, бейнелеу, рефлексия) қалыптасады.

Осылайша, бұл диссертация болашақ биолог мұғалімдердің креативтік құзырттілігін қалыптастыру әдістемесі болашақ мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамытуға, білім беру сапасын жақсартуға және олардың теориялық білімін практикада тиімді қолдану жолдарын қарастыруға бағытталғандықтан, өзекті болып табылады.

Жұмыста төмендегідей нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже: зерттеу мәселесіне қатысты шетелдік және отандық еңбектерге талдау жасау арқылы жоғары педагогикалық білім берудегі «құзыреттілік» және «креативтік құзыреттілік» ұғымдарының мәні нақтыланған. «Болашақ биолог мұғалімдердің креативтік құзыреттілікті қалыптастыру» ұғымына түсініктеме берілген. Алынған нәтижелердің маңыздылығы болашақ биолог мұғалімдердің креативтік құзыреттілігін қалыптастыруда теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, толық талдау жасалып, қазіргі білім беру үдерісіне кіріктіру мүмкіндіктері қарастырылған;

Екінші нәтиже: Болашақ маманның анализ, синтез, бағалау компоненттерінің, деңгейлері және олардың мотивациялық, когнитивті, креативті қалыптасу өлшемдері анықталған. Алынған нәтижелердің маңыздылығы болашақ биолог мұғалімдердің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің құрылымдық-мазмұндық моделін негіздеуге мүмкіндік берген. Болашақ биолог мұғалімдерді дайындаудың қазіргі

жағдайы зерделеніп, олардың креативтік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы анықталған және құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынған;

Үшінші нәтиже: болашақ биолог мұғалімдердің креативтік құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық ұстанымдары, әдістемелік шарттары мен деңгейлері анықталған. Болашақ биолог мұғалімдердің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің нәтижесінде «Биологиядан креативтік құзыреттілікті қалыптастырудағы проблемалық технология» атты оқу-әдістемелік құралы, «Биологиядан креативтік педагогикалық шеберлікті қалыптастырудың теориясы мен әдістемесі» атты оқу құралы, білім беру бағдарламасын өзгертуге ұсыныс жасалды, оқу үдерісіне ендірілген. Креативтік құзыреттілікті қалыптастыру әдістемесінің тақырыптары «Биологияны оқыту әдістемесі» пәні бойынша зертханалық сабаққа және дәріс курсына енгізілген.

Төртінші нәтиже: Болашақ биолог мұғалімдердің креативтік құзырттілігін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі педагогикалық эксперимент жүзінде тексеріліп, оқу процесіне енгізілген. Зерттеу барысында жүргізген зерттеу нәтижесі ғылыми мақалаларда жарияланған.

6. Гайсина Карлыгаш Маратовна

Диссертация тақырыбы: Кеш онтогенездегі лимфа жүйесі және картаю процесін баяулататын фитокомпозициялар.

Мамандығы: 6D011300 - Биология

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 25 сәуір 2025 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Чилдибаев Джумадил Байділдаұлы - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Станкевич Петр Владимирович - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, А.И. Герцен атындағы Ресей мемлекеттік педагогикалық университеті (Санкт-Петербург қ., Ресей).

Заманауи және бәсекеге қабілетті білім беру-қазіргі әлемнің өзекті мәселелерінің бірі. Оқыту мен тәрбиелеудің заманауи мәселелері шетелдік және отандық әдебиеттерде белсенді талқылануда. Олардың маңыздылығы мен жаһандық деңгейі, ең алдымен, адами капиталмен және өскелең ұрпақтың жоғары деңгейге әлеуметтік бағдарлануымен байланысты.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы, ҚР мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдауларын басшылыққа алумен сипатталады. Педагог кадрларды даярлаумен айналысатын жоғары оқу орындары инновациялық білім беру технологияларын, оқытудың ақпараттық құралдарын ғана емес, сонымен қатар оқытудың мазмұндық компонентін жетілдіре отырып, қазіргі жағдайда жаңғыртылуы тиіс.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу процесіне ЖБҒМ әзірлеген «Педагогикалық білім беру моделін енгізу және оның мазмұнын күшейту» жобасының инновациялық бағдарламалары белсенді түрде енгізілуде. Аталған жоба аясында Қазақстанның жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді жалпы білім беретін мектептерге дайындаудың жаңа парадигмасын ескере отырып, жаңартылған мазмұндағы жаңа білім беру бағдарламалары әзірленуде.

Демек, берілетін білім Қазіргі қоғам талап ететін бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауды білдіреді. Білім беру қоғамның өсуінің жетекші факторы және елдің дамуының стратегиялық ресурсы ретінде жаңа миссияны орындайды. Білім құндылық, жүйе, процесс және нәтиже ретінде өскелең ұрпаққа жинақталған әлеуметтік тәжірибе беріп қана қоймай, оның шығармашылық адами әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже: зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, педагогикалық, психологиялық ғылыми еңбектерге, диссертациялық жұмыстарға және ҚР БЖҒМ бекіткен нормативтік құжаттарға талдау жасалып, диссертациялық жұмыста «кәсіптік даярлық», «биология мұғалімінің кәсіптік даярлығы» ұғымдарына түсініктеме берілді. Алынған нәтижелердің маңыздылығы болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби дайындығын жетілдіруде теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, білім беру үдерісіне енгізілді;

Екінші нәтиже: болашақ маманның мақсатты, теориялық-әдіснамалық, құрылымдық, мазмұндық-технологиялық және бағалау компоненттерінің, пәндік, педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік деңгейге жетудің өлшемдері анықталды. Алынған нәтижелердің маңыздылығы болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби дайындығын жетілдіру әдістемесінің құрылымдық-мазмұндық моделін негіздеуге мүмкіндік берді, әдістемелік орындау матрицасы әзірленді, оны оқу үрдісіне енгізу мүмкіндіктері қарастырылды;

Үшінші нәтиже: болашақ биология мұғалімдерін кәсіби даярлауды жетілдірудің әдістемесін жасаумен негізделеді. Болашақ биология мұғалімдерін кәсіби даярлауды жетілдіру әдістемесінің нәтижесінде «Биолог-студенттерді педагогикалық қызметке кәсіби даярлау» әдістемелік құралы, білім беру бағдарламасын өзгертуге ұсыныс жасалды, оқу үдерісіне ендірілді. Кәсіби даярлауды жетілдіру әдістемесінің тақырыптары «Биологияны оқытудағы педагогикалық шеберлік», «Биологиядағы зерттеу әдістері» пәндері бойынша зертханалық сабаққа және дәріс курсына енгізілді. Алынған нәтижелердің маңыздылығы жоғары педагогикалық университеттің биолог мамандарын даярлау мақсатындағы 6B01513-Биология, 7M01513-Биология, 8D01513-Биология білім бағдарламаларына сәйкес білім алушыларға, сонымен қатар мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, білім беру жүйесінің қызметкерлеріне арналып даярланған оқу үдерісінде көмекші құрал ретінде пайдалану ұсынылды, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтаушы, қалыптастыру, бақылау кезеңдері жүргізілді. Алынған

нәтижелердің маңыздылығы тәжірибелік-эксперименттің нәтижелері талданып оқу үрдісіне ендірілді.

7. Сексенова Дана Узаковна

Диссертация тақырыбы: Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы кейбір омыртқалы жануарлардың саркоспоридилері.

Мамандығы: 6D060700 – Биология.

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 20 маусым 2025 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Есимов Болат Кабдушевич - биология ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Резанов Александр Геннадиевич - биология ғылымдарының докторы, профессор, Мәскеу қалалық педагогикалық университеті (Москва қ., Ресей).

Саркоспоридиоз – жануарлардан адамдарға таратылатын зооантропоноздық ауру. Инвазияны тудыратын қоздырғыш *Sarcocystis* туысының бір жасушалы паразиттік ағзалары ауылшаруашылығы және жабайы жануарларында кеңінен таралған, бірақ әлі де болса жеткілікті түрде зерттелмеген паразиттер қатарына жатады.

Жануарлар арасында саркоспоридилердің кеңінен таралуы аралық иесінің ағзасында паразиттің цисталық формаларының ұзақ сақталуымен (өмір бойы) және дефинитивті иелерінің – үй және жабайы етқоректі жануарлардың көп болуымен түсіндіріледі. Етқоректілер ұзақ уақыт бойы (3 айға дейін), сыртқы орта жағдайына өте төзімді, аралық иелерінің инвазиясының негізгі көзі - саркоспоридилердің спороцистарын көп мөлшерде бөледі.

Жабайы жануарлардың саркоспоридилерінің тіршілік циклын зерттеу, олардың табиғаттағы айналымын анықтау, сондай - ақ аралық және дефинитивті иесіне тән өзгешіліктерге сүйеніп, омыртқалылардың саркоспоридиозының алдын алудың ғылыми негізделген шараларын әзірлеу аса маңызды мәселе. Зерттеуде жабайы сүтқоректілер мен құстарда саркоспоридилер қоздырғыштарының түрлерінің таралуы ұсынылған, инвазия қоздырғыштарының жаңа түрлері мен жаңа иелері анықталған және кейбір түрлерінде даму циклі көрсетілген.

Жүргізілген зерттеулер негізінде жұмыстың қорытындысында ауылшаруашылығы жануарларының саркоспоридиоздарын диагностикалау және алдын алу бойынша ұсыныстар және оқу-әдістемелік құрал жазылған.

Қазақстанда бұл бағыттағы зерттеулер әлі де шектеулі деңгейде жүргізіліп келеді. Сондықтан, Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінде қауіпті саркоспоридилер инвазиясының таралу көздерін анықтау, алдын алу шараларын ұсыну жұмыстың өзектілігін көрсетеді.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже: Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі ірі қара малдардың саркоспоридиоз инвазиясының кең таралған басым қоздырғышы *Sarcocystis bovicanis* (түпкілікті иелері - иттер) екенін анықталды. Өңірдегі малдардың паразиттермен орташа залалдану экстенсивтілігі (ИЭ) $43,86 \pm 1,97\%$ және инвазия қарқындылығы (ИҚ) $21 \pm 0,33\%$ құрайды. Ірі қара малдың саркоцисталармен инвазиялану экстенсивтілігі жайылымдардың орналасқан жеріне байланысты: таулы жерлерде (25,0-39,6%), жазық жайылымдарда (68,5-77,3%). Ірі қара малдарда *Sarcocystis bovicanis*-тің кең таралуы фермалардағы зоогигиеналық шаралардың сақталмағандығынан, сонымен қатар ферма ішіндегі иттердің шамадан тыс көптігімен байланысты.

Инвазияның экстенсивтілігі мен қарқындылығы жануарлардың қоңдылығына, жасына, жынысына байланысты, сондай-ақ күзгі-қысқы маусымда артады. Инвазияның жоғары қарқындылығы жүрек бұлшық еттерінде (бұлшық ет грамында 50 саркоциста) өңеште (бұлшық ет тінінің грамында 36 саркоциста), көз бұлшық еттерінде (35 саркоциста) және көкетте (30 саркоциста) тіркелген, ал басқа бұлшық ет тіндерінде саркоцисталар 8-ден 25-ке дейін болды.

Екінші нәтиже: Қойларда саркоспоридии қоздырғыштарының - *Sarcocystis ovicanis*-тің, ешкілерде - *Sarcocystis capracanis*-тің кең таралғаны анықталды. Өңірде қойлардың саркоспоридилермен залалдануы 80-85%-ды, ешкілерде 85-90%-ды құрайды. Саркоцисталардың дамуы екі иесінде - аралық (құрбан) және түпкілікті (жыртқыш) жүреді. Қозыларды күзет иттерімен бірге ұстаған кезде саркоспоридиозды жұқтыруы 38%-ға дейін артты, 1,5 айдан кейін қозылардың 80%-ы саркоспоридиозға оң нәтиже берді. Бір ит күніне нәжіспен 1 миллионға дейін *Sarcocystis* спороцисталарын бөле алатыны анықталды. Спороцисталар сыртқы орта факторларына жоғары төзімділікке ие, патогендігін 9 айға дейін сақтайды.

Үшінші нәтиже: Еңбекшіқазақ, Талғар, Қарасай, Жамбыл аудандарының жайылымдарында иттердің нәжіс сынамаларының спороцисталармен орташа залалдану пайызы 24%, түрлі шаруашылықтарда 11,4%-дан 40%-ға дейін өзгерді. Ең көп залалдануы (52%-ға дейін) мал айдау жолдарында болатыны көрсетілді. Иттер саркоспоридии спороцисталарының маңызды диссимиаторы болып табылатыны анықталды. Жайылымда жиналған спороцисталар инвазиялық қасиеттерін жоғалтпаған және ауылшаруашылығы жануарларын залалдандыру мүмкіндіктеріне ие. Экспериментальды залалдаған күшіктер мен иттерде аурудың препатентті кезеңі 8-11 күнді, патенттік 18-29 күнді құрады. Спороцисталардың ең көп саны (20) патенттік кезеңнің 3-7 күнінде тіркелді. Бір ит күніне нәжіспен 1 миллионға дейін *Sarcocystis* спороцисталарын бөлетіні және спороцисталар сыртқы орта факторларына жоғары төзімділікке ие екені анықталды.

Төртінші нәтиже: Сарышұнақтарда (*Citellus fulvus*) саркоцисталардың екі түрі анықталды: *Sarcocystis citellivulpes* және *Sarcocystis citellibuteonis*. Зерттелетін өңірде алғаш рет бұрын тіркелмеген *Sarcocystis citellibuteonis* түрі табылды: түпкілікті иесі – жамансары, аралық иесі – сарышұнақ.

Сарышұнақтардың саркоцисталарының түрлік айырмашылықтары Genom Bank-та тіркелген ДНК локусындағы нуклеотидтік реттіліктің айырмашылықтарымен расталады. Сарышұнақтардың саркоспорицидлермен залалдануы 6,6%-ды құрады. *Sarcocystis citellivulpes* зерттелген 15 сарышұнақта (4,7) табылды. Экспериментальды залалданған сарышұнақтардың бұлшық еттерінде тәжірибенің 27-ші тәулігінде циста қабырғасы типтік құрылымға ие: жұқа, тегіс және жетілген мерозоиттарға толы болды. Циста ішінде цистозоиттардың үш морфологиялық типі кездеседі: метроциттер, аралық жасушалар және мерозоиттар. 40-шы тәулікте цистозоиттар (жетілген мерозоиттар) көбейеді. 138-ші тәулікте цистада негізінен жетілген мерозоиттармен қатар жеке дара метроциттер болатыны зерттелген;

Зерттелген үй тышқандары *Sarcocystis*-тің екі түрімен залалданған: *Sarcocystis muris* және *Sarcocystis musmustellis* sp. nov. *Sarcocystis musmustellis* алғаш рет *Sarcocystis* туысының жаңа түрі ретінде тіркелді. Түрдің дефинитивті иесі - аққалақ (*Mustela nivalis*) және аралық иесі - үй тышқаны (*Mus musculus*) екені экспериментальды түрде анықталды. Жаңа түрдің цисталарының қабырғалары жұқа және тегіс, өлшемдері 150-630x1000-1500 мкм шегінде өзгереді, препатенттік кезең 14 күн, патенттік кезең 20 күн. Gen Bank-та түр туралы мәліметтер тіркелмеген.

Санитарлық - эпидемиологиялық сараптама кезінде дене бұлшық еттерін залалдану дәрежесіне қарай бөлуді ұсындық: бірлікті (бұлшық ет тінінің грамында 3 микросаркоцистаға дейін); төмен (4-тен 20 микросаркоцистаға дейін); орташа (21-ден 60 микросаркоцистаға дейін); жоғары (бұлшық ет тінінің грамында 60 микросаркоцистадан астам). Орташа және жоғары залалданған мал денелері тоңазытқыштарда -30-32 °C бір апта мерзімінде ұсталып, залалсыздандырылғаны дәлелденді. Ірі қара малдың саркоцисталармен зақымданған денелері мен ет өнімдері ӨЖЖ-тегі конвекциялық пешінде 5 Вт/г микротолқынында 5 минут өңделгенде залалсыздандырылады және инвазиялық қасиеттерін жоғалтады. Ет өнімдерін залалсыздандыруға ұсынылған әдістер өндіріске енгізілді және сою пункттерінде қолданылады. Саркоспорициоз инвазиясының алдын алу шаралары оқу үрдісіне ендірілді (№3 актісі, 21.02.21 жылы).

8. Джунусова Раушан Жексенбаевна

Диссертация тақырыбы: Көптілділікті оқыту жағдайында өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру негізінде болашақ биолог мұғалімдердің генетикалық білімдерін дамыту.

Мамандығы: 6D011300 – Биология.

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 20 маусым 2025 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Айдарбаева Докторхан Кайсарбековна - биология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор м.а., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Азизова Ирина Юнусовна - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, А.И. Герцен атындағы Ресей мемлекеттік педагогикалық университеті (Санкт-Петербург қ., Ресей).

Биология ғылымының қазіргі даму деңгейі болашақ биолог мұғалімнің білім деңгейіне, оның кәсіби білімін өз бетінше кеңейтуге, ғылыми ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауға және іс жүзінде қолдануға дайындығына айтарлықтай талаптар қояды. Көптілділік біздің елімізде 2006 жылғы «Тілдердің үштұғырлылығы» баяндамасынан бастау алады. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауда: «Үш тілді меңгеру – біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады деп көрсетіледі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында бірнеше тілді меңгеру мәселесіне тоқталып өтеді. «Біз қазақ тілін де, орыс тілін де жақсы білетін балаларды тәрбиелеуіміз қажет. Себебі, бұл ұрпақтың мүддесі үшін керек» деп атап өтіп, жастарды ғұмыр бойы білімнің тұнғығына терең үңілуіне шақырады. Сонымен қатар ағылшын тілін ілгерілеушілік пен технологиялардың тілі болғандықтан біз оны үйренуге тиіспіз» – деп есептейді. Болашақ биолог мұғалімдердің кәсіби құзыретті болуы, көптілді меңгеруі, әлемдік білім додасында бәсекеге түсе алатын, білімді де білікті маман болуы қажеттілігіне мән берілген.

Болашақ биология пәнінің мұғалімдеріне генетикалық білім беру – өзіндік жұмыстарды ұйымдастыра отырып, көптілділікті оқыту жағдайында білім алушылардың өз бетімен білім алуға даярлығын, алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда қолдана алу біліктерін жетілдіруді мақсат етеді. Болашақ мамандардың әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық өзгерістерге ұтқырлықпен жауап беруі, білімдарлығы, жаңаша ойлау қабілеттері қандай да бір нәтижеге қол жеткізудің алғы шарты болып табылады.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиженің жаңалығы – зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, педагогикалық, психологиялық ғылыми еңбектерге, диссертациялық жұмыстарға және ҚР БЖҒМ бекіткен нормативтік құжаттарға талдау жасалып, диссертациялық жұмыста «генетикалық білімді дамыту шарттары», «болашақ биолог мұғалімдердің генетикалық білімдері» ұғымына түсініктеме берілді. Ғылыми жаңалығы – алғаш рет өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру негізінде болашақ биолог мұғалімдердің генетикалық білімдерін дамыту мәселесі көптілділікті оқыту жағдайында зерттелді. Алынған нәтижелердің маңыздылығы болашақ биолог мұғалімдердің генетикалық білімдерін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

Екінші нәтиженің жаңалығы – болашақ маманның генетикалық білімдерін дамытудың мазмұндық, іс-әрекеттік, бағалау компоненттері, сонымен қатар алгоритмдік, эвристикалық, шығармашылық деңгейлері анықталды. Алынған нәтижелердің маңыздылығы болашақ биолог мұғалімдердің генетикалық білімдерін дамыту әдістемесінің құрылымдық-мазмұндық моделі, шарттары мен ұстанымдары және әдістемелік орындау жүйесі әзірленді, болашақ биология мұғалімдері үшін қолдану мүмкіндіктері қарастырылды.

Үшінші нәтиженің жаңалығы – болашақ биолог мұғалімдердің генетикалық білімдерін дамыту әдістемесін жасаумен негізделеді. Үшінші нәтиженің маңыздылығы – «Генетика» электрондық оқу құралы, «Генетика және селекция негіздері» оқу құралы, «Practical course of genetics» атты оқу әдістемелік құралдары жарық көрді және авторлық куәлік алынды. Сонымен қатар «Genetics» пәні бойынша силлабус дайындалып, оқу үдерісіне ендірілді.

Төртінші нәтиженің жаңалығы – болашақ биолог мұғалімдердің көптілділікті оқыту жағдайында генетикалық білімдерін дамыту әдістемесінің нәтижесінде өзіндік жұмыс түрлері «Active vocabulary», «Working with text», «True or False», «Quiz», «Matching», «Brainstorming», «Semantic map», «Essay», «Project work» және т.б. оқу үдерісіне енгізілді. Алынған нәтижелердің маңыздылығы жоғары педагогикалық университеттің биолог мамандарын даярлау мақсатындағы 6B01513-Биология, 7M01513-Биология, 8D01513- Биология білім бағдарламаларына сәйкес білім алушыларға, сонымен қатар мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, білім беру жүйесінің қызметкерлеріне арналып даярланған оқу үдерісінде көмекші құрал ретінде пайдалану ұсынылды.

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері биология мамандығы бойынша білім алушылардың оқу үдерісінде, сондай-ақ педагог кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесінде кеңінен пайдалануға ұсынылған

9. Серібекқызы Гүлзинат

Диссертация тақырыбы: Іле Алатау экожүйелерінің топырағын бағалаудағы Lumbricidae тұқымдасы өкілдерінің биоиндикациялық рөлі.

Мамандығы: 6D060700 – Биология.

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 26 маусым 2025 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Есимов Болат Кабдушевич - биология ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Хасан Коч - доктор, профессор, Мугла Сыткы Кочман университеті (Мугла қ., Түркия).

Қазіргі кезеңде қоршаған ортаның сапасы мен экожүйелердің тұрақтылығын сақтау мәселесі жаһандық деңгейде аса маңызды, әрі күрделі

ғылыми және практикалық міндеттердің бірі. Климаттың өзгеруі, антропогендік жүктеменің күшеюі, урбанизация мен ауыл шаруашылығының қарқынды дамуы салдарынан экожүйелерге түсетін жүктеме жылдан жылға артып келеді. Бұл жағдайлар табиғи ресурстардың тозуына, оның ішінде топырақ жамылғысының деградациясына және биологиялық алуантүрліліктің төмендеуіне әкеліп соғады.

Қазақстандағы ерекше экожүйелік маңызы бар аймақтардың бірі – Іле Алатауы. Бұл өңір бірегей географиялық, климаттық және биологиялық ерекшеліктерімен сипатталады. Іле Алатауы – көптеген эндемик түрлер мен биогеоценоздардың мекені ғана емес, сонымен қатар елдің экологиялық қауіпсіздігі мен табиғи тепе-теңдігін сақтау тұрғысынан стратегиялық маңызы бар аумақ. Алайда, соңғы жылдары бұл аймақта урбанизация, туризм және ауыл шаруашылық қызметтері түрлерінің артуы табиғи экожүйелерге, әсіресе топыраққа айтарлықтай әсерін тигізуде.

Іле Алатауы бөктеріндегі топырақ экожүйесінің жай-күйін бағалау және оның деградациясының алдын алуда биоиндикациялық әдістердің рөлі ерекше. Топырақтың биологиялық индикаторлары ретінде Lumbricidae тұқымдасының өкілдері тиімділігімен ерекшеленеді. Олардың топырақ құрылымы мен құнарлылығына, органикалық заттардың ыдырауына, су және ауа өткізгіштігіне тікелей әсері бар. Бұл организмдер қоршаған ортадағы өзгерістерге жоғары сезімталдық танытып, сандық және түрлік құрамының өзгеруі арқылы топырақтың экологиялық ластануын көрсете алады. Осы себепті, азқылтандыларды биоиндикатор ретінде пайдалану экожүйелердің күйін кешенді, сенімді және экологиялық қауіпсіз бағалауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда бұл бағыттағы зерттеулер әлі де шектеулі деңгейде жүргізіліп келеді. Сондықтан, Іле Алатауы бөктерінде Lumbricidae тұқымдасының өкілдерін биоиндикатор ретінде қолдана отырып, топырақтың экологиялық жағдайын бағалау – ғылыми жаңалығы бар, әрі практикалық маңызға ие зерттеу бағыты болып саналады.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже: Іле Алатау бөктерінде жауын құрттардың фаунасы толық зерттелмегендігін негізге ала отырып, Алматы қаласы мен маңайындағы экожүйелерінен Lumbricidae тұқымдасының 6 туысына жататын 11 түрі: *Aporrectodea rosea*, *Aporrectodea caliginosa*, *Aporrectodea longa*, *Dendrobaena octaedra*, *Dendrodrilus rubidus tenuis*, *Eisenia fetida*, *Eisenia nordenskioldi*, *Lumbricus castaneus*, *Lumbricus rubellus*, *Lumbricus terrestris*, *Octolasion lacteum* анықталған. Мезофауна өкілдері – топырақта мекендейтін жәндіктердің дернәсілдері мен ересек даралары, сондай-ақ көпаяқтылар арасында жауын құрттарының доминанттылық жағдайы сипатталып, сандық көрсеткіштерін есептеу және талдау негізінде дәлелденген. Алғаш рет зерттелген өңірдің топырақ фаунасында *Dendrodrilus rubidus tenuis* түрі тіркелген. Топырақ мезофаунасын зерттеу барысында топырақтағы органикалық заттардың мөлшері, қышқылдығы, ылғалдылығы және ауыр металдардың мөлшері айқындалған.

Екінші нәтиже: Іле Алатау бөктерінің топырағында трофикалық топтардың: сапрофагтар, фитофагтар, жыртқыштар өкілдерінің кездесуі нақтыланған. Өңірлік жауын құрттардың топырақ қабатында таралуына байланысты: нағыз топырақтық, ін қазып тіршілік етуші, топырақты-төсеніштік және төсеніш қабаттық морфо-экологиялық топтарына жіктелген.

Үшінші нәтиже: әртүрлі экожүйелердегі жауын құрттарының маусымдық көшіп-қону ерекшеліктері айқындалған. Азқылтандылардың тігіннен таралу динамикасындағы өзгерістерге сипаттама беріліп, мезофауна түрлерінің жоғары белсенділік кезеңдері маусым және тамыз айларында тіркелген.

Төртінші нәтиже: люмбрицидтердің жеке түрлерінің диагностикалық-индикаторлық мүмкіндіктерін анықтау мақсатында жауын құрттарының биоиндикаторлық қасиеттері зерттелген. Ауыр металдармен ластанған топырақтарда *Aporrectodea caliginosa* түрі санының қорғасын (Pb) металы концентрациясымен байланыстылығы, кадмиймен (Cd) ластанған топырақтарда *Lumbricus rubellus* түрінің төзімділігіне байланысты жоғары сандық көрсеткіші сақталған. Жаккар коэффициенті бойынша экожүйелердің топырақ мезофаунасы кешендерінің биоценодикалық ұқсастығы талданып, О.Ю.Чернов (1975) формуласымен биотоптар жұптық салыстырылып, *Aporrectodea caliginosa* және *Lumbricus rubellus* түрлері ауыр металдармен ластанған топырақтардың биоиндикаторы ретінде тіркелген. Табиғи экожүйелердің сортаң орман топырақтарында *Octolasion lacteum*-нің сандық мөлшері, сенімді тұрғыда, басқа педобионт көрсеткіштерінен жоғары болған. Алынған мәліметтер негізінде *Octolasion lacteum* калькофил, кальций (Ca) мөлшерінің индикаторы ретінде анықталған.

10. Орынбаева Жадыра Ауесовна

Диссертация тақырыбы: Құрсақ қуысындағы бауырдың ұйымдасу құрылымындағы өзгерістерді пробиотикалық ферменттелген кебекпен түзету.

Білім бағдарламасы: 8D05101 – Биология.

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 5 қараша 2025 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Тунгушбаева Зина Байбагусовна – биология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Урсула Янкеевич – биология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Варшава жаратылыстану ғылымдар университеті (Варшава қ., Польша).

Құрсақ қуысындағы бауырдың ұйымдасу құрылымындағы өзгерістерді пробиотикалық ферменттелген кебекпен түзету өзектілігі ас қорыту жүйесінің бұзылуына байланысты түрлі аурулардың алдын алу және түзету ретінде маңызды. Пробиотикалық ферменттелген кебек ішек микрофлорасын

реттеп, ас қорыту жүйесінің жұмысын жақсартады, иммунитетті нығайтады және ағзадағы қабыну процестерін төмендетеді. Бұл әдіс денсаулықты жақсартуға және метаболизмді қалыпқа келтіруге ықпал етеді.

ДДСҰ 2025 ж мәліметі бойынша келесі мәліметтер анықталған: Қазақстан бойынша кұрсақ қуысындағы бауырдың ұйымдасу құрылымындағы ауруларының эпидемиялық деңгейі, мысалы бауырда алкогольдік цирроздың туындауы соңғы 5 жылда 27%-ға өскен, ал қатерлі ісігінің дамуы 40% -ға артуы алкогольды тұтынумен тікелей байланысты болған; Қазақстан 190 ел арасында алкогольді қабылдау бойынша 50-55-орында болса, ал Орталық Азияда 1 орынға ие болған. Осыған байланысты бауыр ауруларының келесі түрлері жиі кездеседі: цирроз, гепатит және қатерлі ісік; Алкоголь тұтыну әлемде жыл сайын 3 миллион адамның өліміне алып келген, ал қазіргі кезде 140 миллион адам алкогольизмнен зардап шегуде.

Соңғы жылдары функционалдық тағамдарға, соның ішінде бие сүтіне деген ғылыми қызығушылық арта түсті. Бие сүтінің биологиялық белсенді компоненттері мен пробиотикалық әлеуеті әртүрлі созылмалы қабыну ауруларын емдеуде перспективалы бағыт ретінде қарастырылуда. Сонымен қатар, сүтқышқылды бактериялардың микробиота гомеостазындағы рөлі де терең зерттелуде.

Foekel C. және әріптестері бие сүтінің адам ағзасына әсерін зерттеу барысында оның иммунологиялық және метаболикалық көрсеткіштерге оң ықпалын сипаттаған. Зерттеу нәтижелері бие сүтінің ішек микробиотасына әсер ете отырып, ішкі ағзалардың, соның ішінде бауырдың функционалдық жағдайына жанама түрде оң ықпал ететінін көрсетті. Авторлардың пайымдауынша, бие сүтінің құрамындағы биологиялық белсенді заттар ішектегі патогенді микрофлораны басып, пайдалы пробиотикалық штаммдардың көбеюіне жағдай жасап, ішек-бауыр осі арқылы гепатоциттердің қызметін жақсартады. Сонымен қатар, олардың зерттеулерінде бие сүтін тұтынған адамдарда жалпы метаболикалық жағдайдың тұрақтанғаны, бауыр ферменттерінің (ALT, AST) қалыпқа түскені байқалған.

Schubert R. және әріптестері жүргізген клиникалық зерттеулерде бие сүтінің қабынуға қарсы әсері ерекше назарға алынды. Олар созылмалы ішек қабынуы бар науқастарға бие сүтін беріп, организмдегі қабыну көрсеткіштерімен қатар бауыр көрсеткіштеріне де талдау жүргізді. Зерттеу нәтижесінде бие сүтінің қабынуға қарсы цитокиндердің (IL-6, TNF- α) деңгейін төмендетуге қабілетті екені анықталды. Бұл жағдай, әсіресе, бауырдың қабыну процестерімен байланысты ауруларында (мысалы, алкогольдік және бейалкогольдік стеатогепатиттерде) маңызды. Сонымен қатар, ішек микрофлорасының балансын қалпына келтіру арқылы бие сүті бауыр тініндегі фиброздың алдын алуға ықпал етуі мүмкін екені де айтылған.

Hammes W.P. және Hertel C. өз еңбектерінде *Lactobacillus* және *Bifidobacterium* туыстастықтарына жататын сүтқышқылды бактерияларды пробиотикалық қасиеттеріне ерекше тоқталған. Олар бұл бактериялардың

бие сүтінде кездесетін табиғи формаларын сипаттап, олардың асқазан-ішек жолы арқылы бауыр қызметіне әсер ету механизмін түсіндірген. Ғалымдар бұл микроорганизмдердің ішектегі токсиндердің жиналуын тежеп, бауырдың детоксикациялық жүктемесін азайтатынын алға тартады. Сондай-ақ, олар бие сүтінің құрамындағы лактозаның және биологиялық белсенді пептидтердің синергиялық әсері арқылы ішек қабынуын азайтып, бауырға жанама оң ықпал ететінін көрсеткен

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже: сүтқышқылды бактериялардың 16-на скрининг жүргізілді. Олардан *Pediococcus acidilactici* S-1, *Lactobacillus brevis* S-2, *Lactobacillus plantarum* d-3, *Lactobacillus fermentum* d-4, *Lactobacillus paracasei* S-612, *Lactobacillus plantarum* S-106, *Lactobacillus plantarum* S-414, *Lactobacillus rhamnosus* S-811 бактериялар белсенді екендігі анықталған.

Екінші нәтиже: белсенді штаммдардан үш консорциум: №1 консорциум (*Pediococcus acidilactici* S-1 (бие сүті), *Lactobacillus brevis* S-2 (бие сүті), *Lactobacillus plantarum* d-3 (бие сүті), *Lactobacillus fermentum* d-4 (сүзбе)); №2 консорциум (*Lactobacillus paracasei* S-612 (шұбат), *Lactobacillus plantarum* S-106 (шұбат), *Lactobacillus plantarum* S-414 (сиыр сүті), *Lactobacillus rhamnosus* S-811 (айран)); №3 консорциум (*Pediococcus acidilactici* S-1 (бие сүті), *Lactobacillus brevis* S-2 (бие сүті), *Lactobacillus plantarum* d-3 (бие сүті), *Lactobacillus fermentum* d-4 (сүзбе)) (*Lactobacillus paracasei* S-612 (шұбат), *Lactobacillus plantarum* S-106 (шұбат), *Lactobacillus plantarum* S-414 (сиыр сүті), *Lactobacillus rhamnosus* S811 (айран) құрастырылды. Осы консорциумдардың ішінде бие сүті негізінде қалыптастырылған №1 консорциум (*Pediococcus acidilactici* S-1, *Lactobacillus brevis* S-2, *Lactobacillus plantarum* d-3, *Lactobacillus fermentum* d-4) ең жоғары белсенділік көрсетті және оның негізінде пробиотикалық өнімдер әзірленген.

Үшінші нәтиже: Алкогольдік интоксикациядан кейін бауырдың қалпына келу үдерістеріне пробиотиктің әсерін растайтын жануарларда салыстырмалы зерттеулер жүргізілді. -Бақылау тобы: бауыр тінінде гексагоналды құрылымды бөлікшелердің ортасында айқын көрінетін орталық вена анықталды, оған синусоидты капиллярлар құйылды. Гепатоциттердің ядролары мен плазмалық мембраналары жақсы айқындалған, жасушалар өзіне тән сәулелі (балкалы) құрылымдар түрінде орналасқан. -Алкоголь қабылдаған жануарларда: гепатоциттердің тарылуы, ядролардың айқын көрінбеуі, май тамшыларының пайда болуы байқалды, олардың бір бөлігі ірі тамшыларға бірікті. Орталық венада қанның ұюы анықталды, синусоидтар тарылған. Мұндай өзгерістер бауырдың қатерлі ісікке және цирроздың дамуына әкелуі мүмкін. Пробиотик қабылдағын жануарларда: гепатоциттердегі майлы қосындылар жойылды, орталық венадағы қан ұйындылары толықтай жойылды, жасушалардың ядролары мен мембраналары айқын көріне бастады, синусоидтардың құрылымы қалыпқа келді.

Төртінші нәтиже: Алынған нәтижелерге сәйкес консорциумға қатысты депонирлеу туралы куәлік (коллекция берген К-РКМ 1115 нөмірі) және

патент (№9439) алынған. №1 консорциум бауырдың құрылымдық ұйымдасуын қалпына келтіру үшін қолдануға ұсынылды. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері: Қазақстан-Ресей медициналық университетінің (Алматы қ.) Микробиология және гистология кафедрасының оқу материалдарына; "Биомедпрепарат" ЖШС (Астана қ.) өндірісінің зерттеу жұмысына енгізілді. Зерттеудің барлық төрт кезеңінде алынған нәтижелер пробиотикалық консорциумдардың тиімділігін айқын дәлелдеді. Алкогольдің интоксикациялық әсерінің төмендеуі, бауыр құрылымының жақсаруы, иммундық жүйе қызметінің қалыпқа келуі және метаболикалық процестердің қалпына келуі анықталды. Бұл көрсеткіштер пробиотикалық өнімдердің бауыр регенерациясына оң әсер беретіні айқын дәлелденді. Алынған деректер пробиотикалық консорциумдардың адам денсаулығына және ішкі ағзалардың қызметіне қолайлы ықпалы туралы маңызды ғылыми ақпарат береді. Сонымен қатар, олардың әрі қарай қолданылуында әрбір консорциумның тиімділігін ғана емес, ықтимал жанама әсерлерін де ескеру қажеттігі айқындалды, бұл өз кезегінде олардың сапасын жетілдірудің өзектілігін көрсетеді.

11. Сапанова Нұрбану Досымжанқызы

Диссертация тақырыбы: Биология пәнінде білім алушылардың экологиялық білімі мен тәрбиесін қалыптастыру әдістемесі (үштілділік оқытуды жүзеге асыру мысалында).

Білім бағдарламасы: 8D01513 – Биология.

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 5 қараша 2025 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Чилдибаев Джумадил Байдильдаевич – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Эргин Хамзаоглу – доктор, профессор, Гази университеті (Анкара, Түркия).

Қазақстан Республикасының 2021 жылы қабылданған «Экологиялық Кодекске» сәйкес, экологиялық білім беру деп әркімнің белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруға және жалпы қоғамдағы экологиялық мәдениетті арттыруға бағытталған, тұрақты даму қағидаттарына негізделген, тұлғаны оқытудың, тәрбиелеу мен дамытудың үздіксіз интеграцияланған үдерісі ретінде қарастырылады. Жалпы бұл мәселені шешудің құқықтық негіздерін Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, «Білімді ұлт», «Сапалы білім беру» ұлттық жобасы және басқа нормативтік құжаттар мен Президентің жыл сайын Қазақстан халқына ұсынатын Жолдауында: Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға көшуіне ықпал ету мақсатында экологиялық білім беру саласындағы ұзақ мерзімді іс-әрекет жоспарын айқындау, экологиялық білім беру мен ағартудың оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік негіздерін жетілдіру, экологиялық білім беру мен ағарту

мақсаты- орнықты даму қағидаларына негізделген азаматтардың белсенді өмірлік ұстанымын және қоғамдағы экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоғам мен отбасында экологиялық ағарту жөніндегі бағдарламалар мен іс-шараларды жүзеге асыратын ұйымдардың, оның ішінде жастар мен мектеп ұйымдарының дамуына көмек беру жөнінде келтірілген. Өз кезегінде, тұрақты даму мақсаттары – бұл әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуге бағытталумен қатар, жер шарын қорғауға 8 және барлық адамдар үшін бейбітшілік пен гүлденуді қамтамасыз етуге бағытталған әлемде қабылданған мақсаттар. 2030 жылға дейін 17 негізгі бағыттары таңдалды, олардың жүзеге асырылуы елді өмірдің барлық негізгі салаларының тұрақты дамуына және осы әлемдегі әрбір адамға қатысты жаһандық мәселелерді шешуге бағытталған.

Білім саласындағы жаңа үрдістер экологиялық білім беру жүйесін дамыту стратегиясы қоғам өмірінің барлық жағын, мүмкіндігінше, демократизациялау мен гуманизациялау процесімен айқындалады. Сонымен қатар, әлемдік білім беру кеңістігінің қалыптасуы, мәдени, коммуникация, қарқынды іздеу және көптілділікті енгізу білім беру практикасы өзекті мазмұны мен формаларды қайта қарастыруды талап етеді.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже: экологиялық білімі мен тәрбиені үштілділік оқыту мысалында қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері анықталды. Алынған нәтижелердің маңыздылығы білім алушылардың экологиялық білімі мен тәрбиені үштілділік оқыту мысалында қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері айқындалып, қазіргі білім беру үдерісіне енгізу мүмкіндіктері қарастырылған.

Екінші нәтиже: білім алушылардың экологиялық білімі мен тәрбиесін үштілділік оқытуды жүзеге асыру мысалында қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделі жасалды. Алынған нәтижелердің маңыздылығы экологиялық білімі мен тәрбиесін үштілділік оқытуды жүзеге асыру мысалында қалыптастырудың компоненттері мен өлшемдерін оқу үдерісін қолдануға мүмкіндіктер қарастырылған.

Үшінші нәтиже: биология сабағында білім алушылардың экологиялық білімі мен тәрбиесін қалыптастырудың мазмұны айқындалып, биология сабағында білім алушылардың экологиялық білімі мен тәрбиесін үштілділік оқытуды жүзеге асыру мысалында қалыптастырудың әдістемесі ұсынылып, зерттеу нәтижелері негізінде «Экология және адам денсаулығы» элективті курсының үш тілдегі бағдарламасы дайындалып, оқу үдерісіне ендіріліп, ендіру актымен дәлелденді және «Қызықты экология» атты үш тілдегі электронды оқулық жарияланып, авторлық куәлік алынды (№52384), «Қызықты экология» атты оқу құралы жарияланды және оқу үдерісіне ендіріліп, ендіру актымен дәлелденді. Алынған нәтижелердің маңыздылығы диссертациялық зерттеу нәтижелері мен жасалған қорытындылар болашақта осы бағыт бойынша жүргізілетін ғылыми ізденістерге негіз бола алады. Жоғары оқу орындарында, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде, педагог кадрларды кәсіби бағытта даярлау және олардың біліктілігін арттыру

жүйесінде және жалпы білім беретін мектептерде кеңінен пайдалануға ұсынылған.

Төртінші нәтиже: биология сабағында білім алушылардың экологиялық білімі мен тәрбиесін қалыптастыру әдістемесі (үштілділік оқытуды жүзеге асыру мысалында) жасалды. Алынған нәтижелердің маңыздылығы тәжірибелік-эксперименттің нәтижелері талданып, талдау жасалды, нақтыланған.

Аталған зерттеудің нәтижелері жалпы орта білім беру жүйесінде, сондайақ педагог мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру курстарында тиімді пайдалануға мүмкіндігі бар. Зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен негізділігі: диссертациялық жұмыстың теориялық және ғылыми-әдістемелік міндеттеріне сай орындалуымен, зерттеу мазмұнының ғылыми дереккөздермен үйлесімділігімен, пән ерекшелігіне сай келетін әдістердің дұрыс таңдалуымен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың жүйелі жүргізілуімен, алынған нәтижелердің нақтылығы және тиімділігімен дәлелденген.

12. Жарменова Ботағоз Куанышевна

Диссертация тақырыбы: Формирование эколого-педагогической компетенции в процессе подготовки учителя биологии в вузе.

Білім бағдарламасы: 8D01517 – Биология.

Диссертация Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде орындалған.

Қорғау тілі: орыс тілінде.

Қорғау өткен күні: 12 қараша 2025 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Курманбаев Рахат Хамитович - биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда қ., Қазақстан);

Андреева Наталья Дмитриевна - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, А.И.Герцен атындағы Ресей мемлекеттік педагогикалық университеті (Санкт-Петербург қ., Ресей).

Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту контекстінде ерекше назар аударылады экологиялық білім беру және мамандарды даярлау мәселелеріне назар аударылады, тұрақты даму міндеттерін тиімді шешуге қабілетті. Бұл тұрғыда, болашақ мұғалімдерді даярлау, әсіресе биология саласында қоршаған ортаны қалыптастыруға бағытталған стратегияның маңызды элементі сауатты азаматтар мен мамандар. ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңына сәйкес басым бағыттардың бірі-қамтамасыз ету білім беру процесіне жоғары білікті көзқарас, бұл педагогтердің экологиялық-педагогикалық құзыреттілігін дамытуды қамтиды.

Бұл мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың талаптарына сәйкес келеді жоғары білім, онда интеграция қажеттілігі баса айтылады оқу бағдарламаларына экологиялық білім, сондай-ақ мамандар даярлау, қоршаған ортаны қорғау мәселелерін тиімді шешуге қабілетті.

Білім берудің жаңа тәсілі - білікті және білікті жүйелі және шығармашылық ойлайтын, тұтас қабылдайтын және әлеуметтік және экологиялық қабаттарды талдау. Бұл дәлелдейді экологиялық құзыреттілік құрылымын ғылыми зерттеу қажеттілігі студенттер, оның педагогикалық құралдарын, әдістері мен формаларын анықтау, құру экологиялық оқыту мен жетілдірудің педагогикалық моделін студенттердің экологиялық құзыреттілік деңгейін арттырудың дидактикалық негіздері.

Қазіргі экологиялық ахуал және жоғары экологиялық ахуалды жаңғырту жағдайында Қазақстанда педагогикалық білім беруді енгізу қажеттілігі туындады экологиялық-педагогикалық құзыреттіліктің кәсіби талаптарына болашақ жаратылыстану пәндерінің мұғалімдерін негіз ретінде дайындау олардың шешімге кәсіби дайындығын ойдағыдай қалыптастыру үшін оқушыларға экологиялық білім берудің міндеттері.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже: экологиялық білім мен тәрбиені үштілділік оқыту мысалында қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздемесі айқындалған.

Екінші нәтиже: білім алушылардың экологиялық білімі мен тәрбиесін үштілділік оқытуды жүзеге асыру мысалында қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделі дайындалған.

Үшінші нәтиже: биология сабағында білім алушылардың экологиялық білімі мен тәрбиені үштілділік оқытуды жүзеге асыру мысалында қалыптастырудың мазмұны анықталды және әдістемесі ұсынылған.

Төртінші нәтиже: ұсынылған әдістемесінің тиімділігін эксперимент жүзінде тексеріліп, тиімділігі дәлелденді және зерттеу нәтижелері оқу үдерісіне ендірілген.

13. Байхожаева Гулжаухар Мажитовна

Диссертация тақырыбы: Болашақ биолог мұғалімдерге биоалуантүрлілікті оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (Қызылорда облысы материалдарының негізінде) (Қызылорда облысы мысалында).

Мамандығы: 6D011300 – Биология.

Диссертация Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 26 қараша 2025 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Ибадуллаева Салтанат Жарылкасыновна – биология ғылымдарының докторы, профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда қ., Қазақстан);

Тавстуха Ольга Григорьевна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор мемлекеттік педагогикалық университеті (Орынбор қ., Ресей).

Биоалуантүрлілік экожүйелер мен жалпы биосфераның тұрақтылығымен тікелей байланысты және экологиялық факторлардың, ең алдымен ол антропогендік факторлардың өзгеруіне байланысты. Адамның

биосфераға әсерінің күшеюіне байланысты биологиялық әртүрлілікті барлық деңгейлерде – ағзалықтан - популяциялық түрлерге және экожүйеге дейін сақтау мәселесі өзекті бола түсуде. Биоәртүрліліктің төмендеуі елеулі экономикалық, эстетикалық және моральдық салдарға әкелуі мүмкін, өйткені бұл адамның түр ретінде өмір сүруіне тікелей қауіп төндіреді.

«Қоршаған ортаны қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 67 бабында Қазақстан Республикасында мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін құру мақсаттарына, қорғау режимдеріне және пайдалану ерекшеліктеріне қарай ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері анықталған. Осындай мемлекет тарапынан қабылданған құжаттардың барлығында жалпыға бірдей үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру міндеті баса айтылған. Сондай-ақ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті 2030 жылға дейінгі тұрақты даму стратегиясын жасады, оның негізгі мақсаты: экологиялық білім мен тәрбиелеуді қалыптастыру және дамыту, қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми зерттеулер жүргізу, экологиялық жауапкершілік, қоршаған ортаны қорғау, табиғатты тұрақты пайдалану саласындағы мінез-құлық пен қызмет дағдылары мен біліктерін, құндылық бағдарларын қалыптастыруға бағытталған «жасыл» технологияларды дамыту, экологияға бағдарланған тұрмыс салтын қалыптастыру.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже: зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, педагогикалық, психологиялық ғылыми еңбектерге, диссертациялық жұмыстарға және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен нормативтік құжаттарға талдау жасалып, диссертациялық жұмыста болашақ биолог мұғалімдерге биоалуантүрлілікті оқытуда Қызылорда облысындағы фаунаның әртүрлілігін сақтау теориялық және практикалық тұрғыдан талданды, биоалуантүрлілікті оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесі жасалған.

Екінші нәтиже: болашақ биолог мұғалімдерге биоалуантүрлілікті оқытудың теориялық сипаттамасы. Алынған нәтижелердің маңыздылығы болашақ биолог мұғалімдерге биоалуантүрлілікті Қызылорда облысы материалдарының негізінде оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделін негіздеуге мүмкіндік берді, әдістемелік орындау моделі әзірленді, болашақ биология мұғалімдері үшін қолдану мүмкіндіктері қарастырылған.

Үшінші нәтиже: Қызылорда облысының биоалуантүрлілігін оқыту мәселелері бойынша мазмұндық модульдері, мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттері, деңгейлері және олардың қалыптасу өлшемдері анықталған.

Төртінші нәтиже: болашақ биолог мұғалімдерге биоалуантүрлілікті оқытудың ғылыми-әдістемесінің (Қызылорда облысы материалдарының негізінде) нәтижесінде қазақ тілінде «Биоалуантүрлілік» оқу құралы және «Қазақстан биоресурстары» элективті курсының бағдарламасы әзірленіп оқыту үдерісіне ендірілген.

Алынған нәтижелердің маңыздылығы университеттің биолог мамандарын даярлау мақсатындағы 6B01517-Биология, 7M01517-Биология, 8D01517-Биология білім бағдарламаларына сәйкес білім алушыларға, сонымен қатар мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, білім беру жүйесінің қызметкерлеріне арналып даярланған оқу үдерісінде көмекші құрал ретінде пайдалану ұсынылды, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтаушы, қалыптастырушы, бақылау кезеңдері жүргізілген. Алынған нәтижелердің маңыздылығы тәжірибелік-эксперименттің нәтижелері талданып, нақтыланған.

5. Рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертациялық жұмыстарға рецензенттер ретінде биология зерттеулері саласындағы және биологияны оқытудың теориясы мен әдістемесі бойынша зерттеулерде елеулі үлес қосқан ғылыми зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орнының отандық ғалымдар тағайындалды.

Рецензенттерді тағайындау барысында ғылыми кеңесшілер және рецензенттердің тәуелсіздігі шарты ескерілді.

Рецензенттер PhD докторлық диссертацияларға кәсіби тұрғыдан талдау жасады. Өз пікірлерінде рецензенттер зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық негізделгендігін баса көрсетіп, дәйекті қорытындылар жасалып, барлық қорғалған диссертациялық жұмыстарға ескертулер мен ұсыныстар тұрақты түрде беріп отырды. Диссертацияларға теріс пікірлер берілген жоқ.

6. Қорғалған диссертациялардың рецензенттері бойынша мәліметтер:

Талдыбай Ақнұр Алтыбайқызының диссертациясы бойынша:

Мырзагалиева Анар Базаровна - биология ғылымдарының докторы, профессор, Астана халықаралық университеті (Астана қ., Қазақстан);

Нурмаханова Акмарал Садыковна - философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан).

Жайлыбаева Таке Муратовнаның диссертациясы бойынша:

Базаргалиева Алия Айдархановна - биология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе қ., Қазақстан);

Осмонали Бектемір Бірімқұлұлы - PhD, ҚР ЭТРМ ОШЖДК «Ботаника және фитоинтродукция институты» ШЖҚ РМК (Алматы қ., Қазақстан).

Махамбетов Ерик Оралбековичтің диссертациясы бойынша:

Тулеуханов Султан Тулеуханович - биология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Калиева Анар Нургайыповна - философия докторы (PhD), Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан).

Умирзакова Нагима Танирбергеновнаның диссертациясы бойынша:

Курманбаев Рахат Хамитович - биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда қ., Қазақстан);

Анаркулова Эльмира Избасаровна - философия докторы (PhD), Микробиология және вирусология ғылыми өндірістік орталығы (Алматы қ., Қазақстан).

Нөгербек Әсем Джексенбайқызының диссертациясы бойынша:

Абрешев Серик - биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Генетика және физиология институты (Алматы қ., Қазақстан);

Аширова Жадыра Бердимуратовна - философия докторы (PhD), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан).

Гайсина Карлыгаиш Маратовнаның диссертациясы бойынша:

Успабаева Айгуль Аманкуловна - биология ғылымдарының кандидаты, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті (Шымкент қ., Қазақстан);

Мукашева Данагул Мадиярқызы - философия докторы (PhD), Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Талдықорған қ., Қазақстан).

Сексенова Дана Узаковнаның диссертациясы бойынша:

Кайруллаев Кенесбай Кайруллаевич - биология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Мухамадиев Нуржан Серикканович - биология ғылымдарының кандидаты, «Өсімдіктерді биологиялық қорғау» бөлімінің меңгерушісі, Ж.Жиенбаев атындағы Қазақ өсімдіктерді қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты (Алматы қ., Қазақстан).

Джунусова Раушан Жексенбаевнаның диссертациясы бойынша:

Сартаева Акмарал Алтынбековна - биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Анаркулова Эльмира Избасаровна - философия докторы (PhD), Микробиология және вирусология ғылыми өндірістік орталығы (Алматы қ., Қазақстан).

Серібекқызы Гүлзинаттың диссертациясы бойынша:

Ахметов Канат Комбарович - биология ғылымдарының докторы, профессор, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (Павлодар қ., Қазақстан);

Амангелді Нұргүл - философия докторы (PhD), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан).

Орынбаева Жадыра Ауесовнаның диссертациясы бойынша:

Саданов Аманкелді Кұрбанұлы – биология ғылымдарының докторы, профессор, академик, «Микробиология және вирусология» ғылыми зерттеу институты (Алматы қ., Қазақстан);

Есимсиитова Зура Беркутовна – биология ғылымдарының кандидаты, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан).

Сапанова Нұрбану Досымжанқызының диссертациясы бойынша:

Құрманбаева Меруерт Сакеновна – биология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Анаркулова Эльмира Избасаровна – PhD, Микробиология және вирусология ғылыми өндірістік орталығы (Алматы қ., Қазақстан).

Жарменова Ботагоз Куанышевнаның диссертациясы бойынша:

Қырбасова Эльзира Артыкбаевна - PhD, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Саметова Эльмира Сайлаухановна - биология ғылымдарының кандидаты, Ботаника және фитоинтродукция институты (Алматы қ., Қазақстан).

Байхожаева Гулжаухар Мажитовнаның диссертациясы бойынша:

Длиббетова Гайни Карекеевна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті (Астана, Қазақстан);

Мамурова Асем Тлеужановна – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан).

7. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Диссертациялық кеңес мәжілісінде ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар жасалды:

- диссертацияларды қорғауға жіберетін ЖОО басшылары және бітіруші кафедралардың зерттеу жұмыстарының дайындық деңгейі мен сапасына жіті назар аудары қажет екендігін ескерткіміз келеді.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:

| | |
|---|--|
| | 6D011300-8D01513/6D060700 / 8D05101 |
| Қорғауға қабылданған диссертациялар | 13 (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттары -3) |
| Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттары) | - |
| Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттары) | - |
| Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттары) | - |

| | |
|---|---|
| Қайта өңдеуге қайтарылған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттары) | - |
| Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттары) | - |

Chairman of the Dissertation Council *Э. Ч. Ч.*  J. B. Childebaev

Scientific Secretary of the Dissertation Council *А. А.* M. B. Amanbayeva

30.12.2025.